

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

*2023 жылғы 31 мамырда жарияланды*

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары  
Р.В. Склярға**

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры  
Б.Асылқожа**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Роман Васильевич!**

**Құрметті Берік Ноғайұлы!**

Жылда көктемде Ертіс өзені тасып, жайылған су шабындық жерлерді қажетті деңгейде сумен қамтамасыз ететін. Шығыс Қазақстан өңіріндегі Бұқтырма су бөгенінен тиісті көлемде су жіберілетін. Ал, биылғы жағдай мүлде бөлек. Сәуірдің соңы мамырдың басында таситын өзен суы шабындықтарға жайыла алмады. Соның кесірінен тек қана Павлодар облысының өзен бойындағы 7 бірдей ауданының халқы, төрт түлік баққан шаруалары жем-шөпсіз қалуы мүмкін. Ол ол ма?! Бұл, 370 мың гектарға жуық Еліміздегі ең үлкен жайылым, Ертіс бойындағы тоғайлы сулы алқаптың экологиялық жүйесіне, саяз суға уылдырық шашатын балықтардың популяциясына орасан зиянын тигізіп отыр.

Жалпы аталған елді мекендердегі жайылымның 70-80 пайыз жерін сумен қамтамасыз ету үшін Бұқтырмадан 750 м<sup>3</sup>/с мөлшерінде сондай-ақ ағын ұлғайған кезде Шүлбі су қоймасынан 3500 м<sup>3</sup>/с мөлшерін 4-5 тәулік бойы ұстап тұру қажет еді. Бірақ, биыл олай болмады. Бұл межеден бірнеше есе төмен су босатылып, шабындықтар көктем келмей қаңсып жатыр.

Себеп - қысқы мезгілде су қоймасынан мөлшерден тыс су көптеп босатылған. Мұны су қоймаларының қыс бойғы кестесінен анық көруге болады.

«Ертіс» бассейн инспекциясының бұл әрекетіне не себеп болды? Оған кім жауап береді? Мыңдаған халықты жем-шөпсіз қалдыруға себеп болар ол не жағдай?

Ал, су тасқыны бойынша республикалық комиссия өздері әзірлеген жоспарларын тиісті деңгейде орындамаған. Сонда, аталған комиссия нені жоспарлап, нені бақылаған?

Сәуірдің 26 күні Мәжілістің бірқатар депутаттары тасыған су мөлшерінің төмендігін айтып, жедел шешім шығаруға әрекет жасауын сұрап «Аса шұғыл!» визасымен ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне хат жолдаған едік. Жалпылама сырғытпа жауап келді. Бірақ, өткір мәселе шұғыл шешімін таба алмады.

Ендігі осы экологиялық апат тудырып, жұртты үлкен шығынға ұшыратуы мүмкін жағдайға себеп болған тұлғаларды анықтап, салаға, әсіресе су тасқыны комиссиясының жұмыс жоспарының орындалуын, қысқы мезгілде судың мөлшерден тыс көп жіберілуінің заңдылығын Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 18-бабының 2-3-4 тармақшаларына сүйене отырып тексеру керек деген ойдамыз.

«Қыстың қамын жаз ойлайтын» халқымызды көктем шықпай судан қаңтарып тастаған азаматтар тиісті жазасын алып, жауап беруі керек.

Депутаттық сауалға белгіленген мерзімде Заң аясында жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің  
депутаты,**

**«Amanat»  
фракциясының мүшелері**

**Ж.Амантай  
Н.К. Әшімбетов**

**«Ауыл» партиясы  
фракциясының мүшесі**

**Н.Арсютин**

**«ЖСДП» партиясы  
фракциясының мүшесі**

**А.Сағандықова**

**«ҚХП» партиясы  
фракциясының мүшесі**

**И.Сұңқар**